

Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 тамыздағы "Панфилов ауданының жер қатынастар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы № 725 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 505 қаулысы

"Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 8-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Панфилов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 тамыздағы "Панфилов ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміндегі 2015 жылдың 23-қыркүйегінде № 3441 тіркелген), Панфилов аудандық әкімдігінің № 725 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Садықов Аскар Джумахановичке жүктелсін.

*Аудан әкімінің
уақытша міндетін атқарушы*

Ш. Курбанов